Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің қызметінде 2025-2026 жылдар кезеңдегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бойынша талдамалық анықтама

Ақтау қаласы 02.09.2025 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылғы 4 тамыздағы №7 н/қ бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің қызметіне (бұдан әрі-Департамент) жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылғы 24-27 тамыз аралығында.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) Департамент қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Департаменттің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ішкі талдау объектісі туралы мәліметтер

«Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» РММ (бұдан әрі - Департамент) «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Департаменттің ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

Департаменттің заңды және нақты мекенжайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 9 шағын ауданы 23 ғимарат 308 кабинет.

I. Департамент қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

2026 жылдың қаңтар-тамыз айлары бойынша Департаментпен жалпы саны 30 тексеру жүргізілді.

Департаментпен 13 жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Тексеру қорытындылары бойынша көлік құралдарына сәйкестік құжаттарын беретін

аккредиттелген сынақ зертханалары Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасын бұзғаны үшін 1 зертхананың жұмысы 6 ай мерзіміне тоқтатылды. Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасын бұзғаны үшін 1 зертхананың аккредиттеу аттестаты қайтарылып алынды.

Прокуратура органдарымен бірлесіп «Ақтау халықаралық әуежайы», сондай-ақ ШЖҚ РМК «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы», РМК «Қазақстан су жолдары» сияқты ірі мекемелеріне бірлескен тексеру жүргізіліп, анықталған заң бұзушылықтар бойынша шара қолдану үшін Прокуратура органдарына жолданды.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша департамент қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің нормаларына қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

II. Департаменттің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау

Департаменттегі мемлекеттік қызметкерлердің штаттық саны 4 адамды құрайды *(Департамент басшысы-1, бас маман-3).* Штаттан тыс қызметкерлер саны 2 адам *(хатшы және үй-жайларды тазалаумен айналысатын штаттан тыс қызметкер)* құрайды.

Кадр қызметі орталық атқарушы органда (Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігі) орналасқан.

Департаменттің мемлекеттік құрылымы:

1.Департамент басшысы-мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор -Уалиев Алем Женисович;

2. Бас маман - мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор –Агатаев Рахим Мурадинович;

3. Бас маман - мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор –Нурышов Ақберген Бағдатович;

4. Бас маман - мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор – Жалғасбаева Дариға Жексенбайқызы;

Мүдделер қақтығысын реттеу

Департаментте «Мүдделер қақтығысы» журналы жүргізіледі, бұл ретте талдау жүргізілген кезеңде Департаментте мүдделер қақтығысының қандай да бір фактілері анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысының ықтимал жағдайларының алдын алу және алдын алу мақсатында Департаментте апта сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету

Департамент мемлекеттік қызмет көрсетпейді. Ережеде және басқа да нормативтік-құқықтық актілерде көзделмеген.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Департаменттің құзыретіне рұқсат беру функциялары кірмейді.

Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Ережеге сәйкес Департамент мынандай негізгі функцияларды жүзеге асырады:

1) Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік-фитосанитариялық бақылау мен қадағалауға жататын өнімді қоспағанда, техникалық регламенттер өзіне қатысты қолданысқа енгізілген өнімге қатысты оны айналысқа шығару сатысында Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің не Еуразиялық экономикалық комиссия шешімдерінің сақталуына техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының Бағалы металдар мен асыл тастар туралы заңнамасының сақталуына зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу бөлігінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін және кейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі бөлігінде Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының сақталуына рұқсаттық бақылау біліктілік және рұқсат беру талаптарын бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерде өтініш берушіге бару қажеттілігі болған жағдайда бақылау субъектісіне (объектісіне) біліктілік немесе рұқсат беру талаптарға сәйкестігіне тексерулер түрінде жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сай келуі немесе сай келмеуі туралы қорытынды жасалады;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар жасау, қаулылар шығару және әкімшілік жазалар қолдану арқылы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау және қарау;

7) техникалық реттеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен техникалық регламенттерді әзірлеу бойынша сараптамалық кеңестермен өзара іс-қимыл;

8) нормативтік құқықтық актілерге ұсыныстар енгізу;

9) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді айналысқа шығарудың жолын кесу және оған жол бермеу бойынша ықпал ету шараларын қабылдау;

10) техникалық реттеу саласындағы заңнамаға сәйкес жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға тікелей қатер төндіретін өнімді алып қою және қадағалау субъектісін Қазақстан Республикасының азаматтық-процестік заңнамасына сәйкес осындай өнімді иелену, пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығынан айыру туралы сотқа талап қою;

11) жеке, заңды тұлғалар техникалық реттеу саласындағы лауазымды адамдар берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну.

Талданатын объектінің мемлекеттік инспекторларына қатысты мемлекеттік бақылау жөніндегі іс-шаралар кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың қандай да бір фактілері анықталған жоқ.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

Қаржы қызметі Қазақстан Республикасы сауда және интеграция министрлігімен орталықтандырылған. Департамент Орталық органның және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражатын игеруге және бөлуге қатыспайды.

Департамент қаржыландыру туралы, оның ішінде өз қызметкерлерін сыйақылау, көтермелеу немесе іссапарға жіберу және басқа да қаржы қаражаттары мәселелері бойынша өз бетінше шешім қабылдамайды.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің атынан орталықтандырылған түрде жүзеге асырылады. Бұл ретте, департамент үшін қызмет көрсету және қызметтер көрсету жөніндегі жұмыстарды орындауға жеткізушілермен жасалған шарттар бойынша Тапсырыс берушіден орындалған жұмыстардың актілерін бекітетін өкіл аумақтық департаменттің басшысы болады.
Актілерді бекіту бойынша барлық жұмыстар электрондық цифрлық қолтаңбаға қол қою арқылы Мемлекеттік сатып алу порталында жүргізіледі.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Ақпараттық жүйелерді әзірлеуге аумақтық департаменттің қатысуы тестілік пайдалануға қатысқан жағдайда ресми ұсыныстар мен ескертулер бағытында айқын көрінеді.

Қолданыстағы ақпараттық жүйелерді пайдалану (https://techreg.gov.kz, techreg.kezekte.kz) логин мен пароль түрінде қорғауды беру арқылы мемлекеттік инспекторлардың жеке кабинеттері арқылы жүзеге асырылады. Ақпараттық жүйелер автоматтандырылған және мемлекеттік инспекторлар да, бақылау субъектілерінің өздері де енгізетін мәліметтерді қамтиды. Бұдан басқа, мемлекеттік кіріс органдарының, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының, Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестігін бағалау саласындағы органдардың бірыңғай тізілімдерінің мәліметтері пайдаланылады. Техникалық реттеу жүйесін

әзірлеу мен пайдаланудың мақсаты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайта отырып, бизнес субъектілеріне қатысты профилактикалық бақылау мәселелерінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру процестерін барынша автоматтандыру болып табылады.

Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Қызметкерлер қызметтік куәліктермен толық қамтамасыз етілген; Министрлік, Комитет басшылары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, әдеп нормаларын сақтау (мемлекеттік қызметшінің қызметтік этикасы) мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардың жауапты мамандары тарапынан кеңестер, кездесулер өткізіледі. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында Департамент ғимаратында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында түрлі жадынамалар орналастырылған;

«Сенім телефоны», Департамент басшысының азаматтарды қабылдау кестесі, мемлекеттік органның орналасқан жерінің мекенжайы комитеттің ресми интернет-ресурстарында белгіленген және Департаменттің әдеп жөніндегі уәкілінің мәліметтерін қамтиды;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру шеңберінде өткізілген барлық іс-шаралар Департаменттің Интернет-ресурсында тұрақты түрде жарияланады;

Әдеп кодексінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары, мемлекеттік қызметші мәртебесіне байланысты шектеулер және мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптар қатаң сақталады. Департаменттің лауазымды тұлғаларын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапқа тарту туралы мәліметтер жоқ. Департамент қызметкерлеріне қатысты қандай да бір қылмыстық, әкімшілік немесе тәртіптік істер анықталған жоқ. Департаменттің мемлекеттік инспекторларына қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер немесе БАҚ хабарламалары анықталған жоқ. Департамент қызметкерлерін сынға алған мақалалар БАҚ-та жоқ.

Департамент қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілер

Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Департаменттің өз қызметі барысында мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңы;

2. Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңы;
3. Қазақстан Республикасының «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Заңы;
4. Қазақстан Республикасының «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Заңы;
5. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі;
6. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша Департамент қызметінде қандай да бір сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жұмыс тобының жетекшісі: _____ Д.Жалғасбаева

Жұмыс тобының мүшелері: _____ Ж. Маханбетова

_____ А.Нурышов

ТРМК Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы _____ А.Уалиев